

қажеттілігі бар балаларды заманауи қоғамға бейімдейтін мамандық» атты эссені талқылауға ұсынды. Тағыда айта кететін жайт – биылғы университет бітіруші студенттер мен магистранттардың қорытынды ғылыми жобаларымен диссертацияларының тақырыптары да осы дамып келе жатқан инклюзивті саясатына арналған. Жәнеде инклюзивті тұрғыда балаларды оқыту мәселесі, сол сияқты аталмыш жүйесі жағдайындағы мүмкіндіктері шектеулі балаларды тәрбиелеп оқыту сұрақтарын шешуге бағытталған зерттеулердің нәтижелері профессорлік-оқытушы құрамының ғылыми мақалаларында жарық көрді.

Қорыта келе, инклюзивті білім беру кеңестік-тәжірибелік орталықтың белсенді іс-әрекеттері өңіріміздегі инклюзивті саясатына, инклюзивті білім беру жүйесін жетілдіруде, аталмыш жүйеге түрлі технологияларды тиімді өндіруге қабілетті, жаңа формациядағы мамандар дайындауда, қажетті оқу-әдістемелік негізін қатамасыз етуде әлі де зор үлесін қосады деген ойдамыз.

Әдебиет:

1. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы.

ТІРЕК - ҚИМЫЛ АППАРАТЫ ЗАҚЫМДАНҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНТҮЗЕТУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Тебенова К.С., м.ғ.д., профессор;

Ишанова А.К., магистрант

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақала мазмұнында тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы мәселесі логопедия саласындағы маңызды, әлі де зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылатындығы және оны инновациялық технологиялар арқылы түзету механизмдері ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негізделген.

Тірек сөздер: тірек-қимыл аппараты, инновациялық технологиялар, жазбаша сөйлеу тілі, логопедия, дамыта оқыту технологиясы, оқу-тәрбие процесі, оқушы, педагог.

Тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытудағы қиындықтар дефектология ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып қалып отырғандығында. Сауатты жазу машығының бұзылуы мектептегі жүйелі оқу процесін қиындата түседі, оқу бағдарламасын меңгеруде кедергі жасайды, үлгерімді төмендетеді.

Тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың сөйлеу тілінде дыбыстық анализ-синтездің жеткіліксіздігінен сөздің дыбыстық құрамын бұрмалау, сөздік қордың аздығынан және семантикалық кемшіліктерге байланысты лексика-грамматикалық қателер, әріп кескіндерін есте сақтау қиындығына байланысты графикалық қателер, түрлі аграмматизмдер жиі кездесетіндігі мәлім.

Баланың тілдік жүйені меңгеруі оның негізгі психикалық процестерін қайта құрады, сөйтіп, сөз – психикалық әрекетті қалыптастыратын күшті фактор ретінде қолданылады. Ол зерденің, естің, қиялдың, ойлау мен әрекеттің жаңа түрлерін жасап шығарады. Баланың тілді толық меңгеруі – оның қарым-қатынасының жоғары деңгейге көтерілгендігін көрсетеді, оның жеке тұлғасының қалыптасуына жол ашады. Жалпы тіл - әлеуметтік бейімделудің ең тамаша жолы. Тіл дамыту жұмыстары барлық сабақтарда өткізіледі [1].

Тіл дамытудың негізгі мақсаттары:

1. Оқушының тілдік дамуын зерттеу.
2. Тіл ақауын түзету және дыбыстау машығын қалыптастыру.
3. Сөздік қорды анықтау, байыту және белсенділендіру.
4. Сөйлемдерді грамматикалық дұрыс құруға үйрету.
5. Ауызша тілдің диалогтық және монологтық түрлерін дамыту, кемшілігін түзету.
6. Өз ойын байланысты түрде логикалық ретпен жеткізу.

Бұл мақсаттар өзара тығыз байланысты, сондықтан кешенді түрде орындалады.

Оқушының тілін дамытудың тиімділігі белгілі бір шарттармен байланысты.

Соның бірі – сөйлеудің мазмұны мен сөйлеудің қажеттілігі. Егер балаға сөйлеу қажетсіз болса немесе оның айтатын ешнәрсесі болмаса, сөйлегісі келмесе – тіл дамыту мүмкін емес. Сондықтан баланы қоршаған ортасындағы дүние мен құбылыстар туралы білімін тексеру тіл дамытудың әдістемелік шартына жатады. Балалар оқығанын талдайды, өткен сабақтармен байланыстырады, белгілі бір пәнді, құбылысты, затты қарастырады, зерттейді, басқамен байланыстырады, салыстырады, практикалық жұмыстар жүргізеді, қорытындылайды т.б. Сөйтіп, мұғалім оның тілін

дамытуға мүмкіндік алады.

Екінші әдістемелік шарт – оқушының сөйлеуге қызығушылығын арттыру. Мұғалімнің сұрағы, көрнекілік, қызықты тақырып, қызықты ситуация, мадақтау, көрген-білгенін бөлісуі - оқушының сөйлеуге қызығушылығын тудырады.

Үшінші әдістемелік шарт - сөйлеу тілін қажет тілдік құралдармен қамтамасыз ету. Олар: сөз, сөз тіркесі, сөйлемдер.

Бұл бағыт барлық оқу процесін қамтуы керек. Барлық сабақтарда да тіл дамыту мақсаты қойылуы қажет [2].

Осыған орай, біз дамыта оқыту технологиясын қолдануды жөн көріп отырмыз. Дамыта оқытуды ұйымдастыруды балаға ақыл-ой әрекетін меңгертуге жағдай жасау деп қарастыру керек. Дамыта оқыту-сабақтағы ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасындағы ерекше қарым-қатынас. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетті ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқасы. Тек осындай оқыту баланың көзін ашып, шығармашылығын дамытуда.

Дамыта оқыту деп мақсаты, міндеттері, әдіс-тәсілдері баланың даму заңдылықтарына сәйкестендірілген оқытуды айтады. Оқыту арқылы баланың психологиясында құрылымдар жаңа сапалық өзгерістер пайда болуы тиіс. Мақсаттарының бірі-баланы оқыта отырып жалпы дамыту, оның еркіндігін қалыптастыру, ескеру, білім биігіне көтере беру.

Дамыта оқыту жүйесінің маңызды бір ерекшелігі — оқушыларды «жақсы», «жаман» оқушылар деп бөлмей барлық баланың дамуы үшін қолайлы жағдай туғызу. Нашар оқушы да өз шамасы келгенше қабілеті жеткен жерге дейін еңбек етуі ойластырылған. Сол арқылы ол да мүмкін дәрежеге дейін өзін дамыта алады. Бұл жолда оның қателесуі, жаңылуы әбден мүмкін. Тек мұғалім тарапынан көрсетілген сабырлылық, байсалдылық қана оны өз күшіне деген сенімін арттырып, алға жетелейді.

Дамыта оқыту жүйесіндегі мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жаңа қағидаларға негізделген. Олар ынтымастық, өзара сыйластық, түсінік сияқты қасиеттер. Баланы өз сөзін қорықпай, сеніммен айта алатындай дәрежеге жеткізуіміз керек. Ол үшін оның әрбір жауабы мұқият тыңдалып мақталады да, қатесіде түзетіледі. Оқушыға кішкентай бала деп қарамай, оның да пікірімен санасу, көзқарасын құрметтеу оның дамуына арасын зор әсер ететіндігін есте ұстауымыз керек.

Дәстүрлі оқыту балада білім, білік, дағды алуға қажетті ақыл — сана бар деп есептеп, сол ақылға сай дайын білімді құю керек деген көзқарас қалыптасса дамыта оқыту бала бойындағы табиғи қабілеттерді жаңа белестерге көтеруді мақсат тұтатын принциптерге негізделген. Дәстүрлі оқыту – жаттауға, есте сақтауға, ал дамыта оқыту дербес жұмыс істеуге, алған білімді пайдалана білуге үйретеді.

Бастауыш мектепте дамыта оқыту оқушылардың қызығушылығын арттырып, өз бетімен жұмыс істей білуін, ізденуін, байқаштығын дамытуды талап етеді.

Мақсат — оқушылардың жазба тілінің дамуына ықпал ету. Оқу нақтылыққа баулиды, оқуды жүйелейді. Оқуға қызықтыру маңызды. Ой әсемдігін мәнерлі сөзбен жеткізе білуге үйрету керек, өзі қызыққан дүние туралы оқуды машықтандыру қажет. Баланың білуге деген ынтасы да арта түсер еді.

Бастауышта оқушыларды сауатты оқуға үйрету — мұғалімнің міндеті. Сауатты оқу дегеніміз-әріптерді тастамай, шатастырмай оқу, оқушыға буындап оқыту, сөздерді буынға дұрыс бөлгізу керек. Буынды дұрыс менгерген оқушы сауатты жаза алады. Сауатты оқуға тиімді әдістердің бірі — жатқа оқу.

Мысалы: Ақ түйіншек секеңдейді,

Сары түйіншек жетем дейді.

Жұмбақты қызыға шешу (қоян, түлкі), жаттау, оларды дұрыс жазып үйрену сауатты оқуға төселдіреді немесе берілген әріптерден сөздер құрастыру:

а, н, ш, я (шаян); я, т, қ, и, а (тақия); а, з, я, (аяз) [3].

Эксперименттік оқыту жұмысы барысында дыбыстауды түзету, сөйлеу тілінің лексика-грамматикалық жақтарын дамыту жұмыстары жүзеге асырылды, сабақтарда жалпы және ұсақ саусақ моторикасын, артикуляциялық моториканы, фонематикалық қабылдауды дамытуға арналған жаттығулар кешені пайдаланылды.

Жазбаша сөйлеу тілінде кездесетін қателерді түзету жұмыстары мынадай ретпен жүргізілді:

I. Сөздегі әріптерді тастап кету.

Алдымен қарапайым дыбыстық талдауды қалыптастыру жұмысы жүргізілді:

а) алдымен дауысты дыбыстар, одан кейін дауыссыз дыбыстар артикуляциясы пысықталды.

Оқушылар үнсіз көрсетілген артикуляция бойынша қай дыбыстың айтылғандығын анықтайды.

б) сөз құрамындағы дыбыстардың позицияларын анықтайды (берілген дыбысы бар заттың суретін

бөліп алу, қажетті дыбысы бар сөздерді ғана теріп оқу, сөз соңында айтылмай қалған дыбыстарды немесе буындарды оқу,;

сөздерді тіркестіріп оқу, мысалы: ешкі – ілмек – кесе – есік – күрек – киім – мысық т.б., көрсетілмеген әріптерді тауып оқу, мысалы: - ш - (аша),

- - лд - - (жұлдыз) т.б.,

в) дыбыстық талдау-жинақтау машығын меңгерту үшін оқушыға сөздегі дыбыстар саны мен сурет беріледі, оқушы сол бойынша сөзді жазады ("шатыр" - 5, "жапырақ" - 7). Сауатты оқу тәжірибесінде жиі қолданылатын дыбыстық талдау тәсілдері:

Сөздегі өздігінен жеке буын жасайтын дауысты дыбысты бөліп алу (а-та, ә-же, ө-рік, и-не, е-мен,).

Сөздің ең соңғы дыбысын бөлу (алғашқы дыбыстарды мұғалім айтады, соңғысын оқушы айтады). Мысалы, сурет, ойыншықтардың көмегімен тара..., өрі...т.б.

Бір дыбыстан басталатын сөздерді тізіп айтып, әр сөздегі бірінші дыбысты оқушылардың өздеріне тапқызу; ол дыбысты көтеріңкі дауыспен ерекшелеп айту арқылы бекіту (қаз, қарға, қалам, қағаз)

Сөздегі дыбыстардың саны мен орын ретін анықтау. Бұл үшін сөз схемасы пайдаланылады. Мысалы, ара - ○●○ ауызша дауысты-дауыссыз екені талданады.

Бір дыбысы ғана өзгеше, басқа дыбыстары бірдей сөздерді салыстырып талдау:

Ата	ала	ол	тай
апа	қала	он	май
ара	бала	ор	шай

Дыбыстық жинақтау тәсілдері:

Бір дауыстыға аяқталған буындар мен сөздерді оқу мен оқу:

а) а-та, а- на, а- ға, а- уа.

ә) ке-се, ке-ме, ше -ге.

2. Әр түрлі дауыстыға аяқталған буындар мен сөздерді оқу мен оқу:

ә-ке, о-ра, до-ға, бо-та, ба-ру, ке-лу.

3. Бір дыбысы бөлек сөздерді оқу мен оқу:

қол, жол, көл, төл, шар, жар, жел, бел.

Басқа дыбыс қосып не алып, сөзді өзгерту:

ат -хат, ал –сал, ара- сара, тон – он.

П. Акустикалық – артикуляциялық ұқсастықтары бойынша әріптерді шатастыру (ызың, шұғыл, үнді, қатаң, ұяң т.б.).

1. Дыбыстар жұптарын салыстыру (мысалы, "д - т"; ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау - "д" - ұяң, "т" – қатаң.)

2. Дыбыстарды олардың әріптерімен сәйкестендіру ("т" – тырма тәрізді үш сызықша, "д" – екі аяғы бар шкаф тәрізді).

3. Пароним сөздерді оқу және жазу, мағыналарын салыстыру (пасық - қасық, қастық - жастық).

4. Диктант оқу. Мысалы төмендегі мәтіндерді терме диктантқа, сөздік диктантқа немесе дыбыстық диктант мақсатында пайдалануға болады.

Түлкі мен ешкі

Бір түлкі жүгіріп келе жатып абайсызда бір терең апанға түсіп кетіпті. Шығайын десе шыға алмай тұрғанда, ешкі су іздеп жүріп, әлгі апанға келіп, түлкіні көріп:

Әй, түлкі батыр, неғылып тұрсың? депті.

Түлкі айтты:

Ой, неғыласың, батыр, жаным рақат тауып тұрмын: қырда әрі сусап, әрі ыстықтап өліп едім, апанның іші әрі салқын, әрі түбінде тұп тұнық суы бар екен деді. Мұны естіген ешкі мен де салқын су ішейін деп, секіріп апанға түскенде, түлкі екең секіріп ешкінің үстіне мініп, онан мүйізіне шығып, мүйізінен секіріп қырға шығып, жөніне кетті дейді.

Жаман жолдас

Екі дос кісі жолдасып келе жатып бір аюға ұшырапты. Бұл екі кісінің біреуі әлсіз, ауру екен, екіншісі мықты, жас жігіт, аюды көрген соң бұл жігіт ауру жолдасын тастап, өзі бір үлкен ағаштың басына шығып кетті. Ауру байғұс ағашқа шығуға дәрмені жоқ, жерге құлады да созылып өлген кісі болды да жатты: естуі бар еді аю өлген кісіге тимейді деп. Аю бұл жатқан кісінің қасына келіп иіскелеп тұрды да, дыбысы білінбеген соң тастап жөніне кетті. Мұнан соң манағы жолдасы ағаштан түсіп аурудан сұрапты:

Достым, аю құлағыңа не деп сыбырлап кетті?

Ауру айтты дейді:

Аю құлағыма ақыл сыбырлады, екінші рет тар жерде жолдасын тастап қашатын достармен жолдас болма деді,- дейді.

III. Кинетикалық жағынан ұқсас әріптерді шатастыру(б-д, о-а, и-у, т-п, л-м, х-ж т.б. әріптер).

Оқу кезінде әріптердің кескінін дұрыс қабылдап, меңгеру, партаға дұрыс отыру және қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту мәселелері алға қойылады. Қол мен саусақтардың қимылын жеделдету және қозалыс үйлесімін қалыптастыру, түзу сызықтар бойынша қағазды қайшымен қию, жапсыру және ретімен орналастыру, кішкентай таяқшалардан түрлі түсті қағаз жолақшаларынан әр түрлі фигуралар құрастыру. Мозаика ойынын пайдалану.

Берілген үлгі (трафарет, шаблон) бойынша тақтаға бормен, қағазға қарындашпен әртүрлі бағытта (көлденең, тік, қиғаш штрихтар) сызықтар жүргізу, оларды бір бағыттан екінші бағытқа қарай бұру, белгіленген шектен, яғни контурдан асырмау, үлгілерді айналдыра сызу, оларды бояу, т.б. Тақтаға, дәптерге жаза әріптердің негізгі элементтерін төмендегі ретпен оқу:

- Түзу, ирек, ұзын және қысқа сызықтар;
- қиғаш сызыққа қосылған түзу сызық;
- ілмек немесе басы, аяғы иілген сызықтар;
- сопақша және жартылай сопақша келген сызық;
- көлденең ілмектер;
- әр түрлі әріп элементтеріне ұқсас суреттер;
- әріп элементтерін қосып оқу;

Балаларды оқуға дайындау жұмысының жүйесінде қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту ерекше орын алады. Ол балалардың жалпы қимыл-қозғалысының, оның ішінде артикуляциялық, саусақ бұлшық еттерінің сау балаларға қарағанда кеш және қиындықпен дамуын ескере отырып, бұл бағытта арнайы түзету, дамыту жаттығуларын жүргізу қажет.

Әр сабақтың алдында қолдың ұсақ бұлшық еттерін күшейтіп, дамыту үшін жаттығулар жасалады. Жаттығулар қолды алға түзу немесе бүгінгі ұстаған қалыпта жасалады (алақан жоғары, төмен, бірден, кезек). Жаттығу түрлері:

- қолды созып алақанды жоғары – төмен, екі қолды бірден- кезек ұстау;
- қолды созып немесе бүгіп алға ұстау, саусақты біріктіріп, ашып, алақанды жоғары, төмен қаратып ұстау;
- саусақтарды бүгіп, ашып ұстау, алдымен бір қолды немесе екі қолды да бірден;
- екі қолдың саусақтарын біріне-біріне қарама-қарсы қойып түйістіру;
- жұдырықты ашып-жабу;
- саусақтарды шерту;
- саусақтарды бірнің үстіне бірін шығарып ұстау, ілмек тәрізді етіп ұстау;
- үш саусақты біріктіріп ұстау;
- қарындашты, қаламды, таяқшаларды саусақтарға қыстыру;

Әріппен оқуды үйрету мынадай тәртіппен орындалады:

- сөзге дыбыстық талдау жасау арқылы керекті дыбыс бөлініп алынады да, жеке және хормен дыбысталады; дыбыстың баспа және жазба әріптері көрсетіледі, ол әріптер бір – бірімен салыстырылады;

- әріптің жазылу үлгісімен таныстырылады (тақтадан, таблицадан, оқу үлгісінен тапқызу);

- әріпті мұғалім өзі тақтаға жазып көрсетеді және оны әріп элементтері арқылы қалай оқуды түсіндіреді;

- әріпті сөз ішінде басқа әріптермен қалай қосып оқу керектігі үйретіледі;
- көркем және таза оқу талабы қойылады;
- әрбір оқушының оқуын мұғалім бақылап, кемістігін түзетуге көмектесіп отырады;

Сауатты оқуға үйрету кезінде оқудың негізгі үш түрі қамтылады:

- көшіріп оқу (үлгі бойынша оқу);
- есту арқылы оқу (диктант);
- ойша есте сақтап оқу (шығармашылық оқу);

Бұлардың бәрінде де алғашқы кездегі оқу сөзді буындап айту арқылы орындалуға тиіс. Жазылатын сөзге дыбыстық талдау жасалып, әрбір дыбыстың орын реті мен сөздегі буын саны айқындалады; буындар іштей дыбысталып оқылады, сол бойынша жазылады; жазылған сөз қайтадан буындалып оқылу арқылы тексеріледі. Демек, оқу кезінде бала жеке әріпті емес, тұтас буынды көретін болуы керек. Сөз буындарын іштей немесе күбірлеп дыбыстап оқу қатесіз оқудың ғана шарты емес, еркін де оңай оқуға мүмкіндік береді. Мұны мұғалім бақылап отырады. Олай етпегенде,

оқушылар сөзді әріптеп жазатын болады. Буындап оқудан оқушы біртіндеп тұтас сөзбен, тұтас сөйлеммен оқуға төселуі керек [4].

Көшіріп оқу, басқаша айтқанда *үлгі бойынша оқу* сауат ашу кезеңіндегі негізгі оқу түрі болып табылады. Мұның өзі әріптерді үлгі бойынша дәл солай етіп оқудан басталып, сөзді, сөйлем, мәтінді көшіріп оқуға дейін жүргізіледі. Әріптерді, сөздерді дұрыс оқу үшін «Оқу дәптері», сондай-ақ, оқулықтағы оқу үлгілері және тақтаға жазылған оқулар пайдаланылады. Кіші және бас әріптердің үлкейтілген таблицасы сыныптың көрнекті жеріне ілулі тұруы керек.

Көшіріп оқу, негізінен, оқушылардың графикалық оқу дағдыларын қалыптастыруға, сонымен қатар оқу қарқынын біртіндеп жетілдіруге көмектеседі. Шамамен алғанда, сауат ашудың соңғы кезеңінде оқушы минутына 3 – 4 сөз жаза алатын болуы керек.

Есту және есте сақтау бойынша жүргізілетін оқулар оқушылардың белгілі дәрежеде өздігінен жұмыс істеуін керек етеді. Мұндай оқулар алғашқы кезде оңай, қысқа сөздерді оқудан басталады. Оқудан бұрын ауызша дыбыстық талдау – жинақтауға негізделген даярлық жаттығулар жүргізілуі тиіс:

- 1) кеспе әріптер арқылы құрастырылған сөздің буындарын еске сақтау арқылы оқу;
- 2) оқылған, таныс, қысқа сөздерді бундарын есте сақтау арқылы оқу (*a-та, ша-на*);
- 3) суреттердің астындағы көп нүктенің орнына сөз тауып оқу;
- 4) әліппедегі буынға бөлінген сөз схемалары бойынша сөздерді оқу;

Оқушылардың өз бетінше оқуына үлкен мән беріледі, өйткені жұмыстың бұл түрі - баланың болашақта байланыстырып оқуының негізі. Бұл кезде оқушы бір сөзді өз бетімен жазып шықса, оның өзі - шығармашылық. Ол арқылы бала өздігінен сөйлем, мәтін оқуға дейін көтеріледі. Бірінші әріпті жазғаннан бастап оқу көркем болуға тиіс. Оқудың көркемдігі, эстетикалық әсері, ұқыптылығы мен тазалығы – оқу мәдениетінің өзекті бөлігі. Оқуға сауатты оқу талабы ғана емес, көркем оқу талабы да қойылады. Сондықтан қатесіз оқу қандай керек болса, көркем оқу да сондай қажет. Көркем оқу жеке сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында оқу жұмысымен бірге жүреді. Алайда әрбір сабақта жүргізілетін оқу жұмыстарының барысында оқушылардың көркем оқуына мұғалім тәрпынан көмек беріліп отырылуға тиіс [5].

IV. Лексика-грамматикалық қателіктер.

Балалардың сөздік қорын байытуға, грамматикалық құрылымдарын бекітуге, тіл белсенділігін арттыруға арналған дидактикалық ойындар:

«Сыңарын тап»

Мақсат: балаларға үй жануарлары туралы түсінік беру. Олардың төлдерімен таныстыру және үй жануарларын бір бірінен ажырата білуге үйрету, балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін және сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту, балаларды үй жануарларына қамқор болуға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Ойын 1 – 4 баламен үстел үстінде жүргізіледі. Балаларға үй жануарларының, төлдерінің қиылған суреттері беріледі. Балалар қиынды суреттерден тұтас сурет құрастыруы қажет.

«Не артық?»

Мақсат: балаларға сурет бойынша қоршаған орта заттарын топтастырып, оларды бір-бірінен ажыратуға үйрету. Балалардың зейінін, көрнекі логикалық ойлауын, есте сақтауын, сөйлеу тілін дамыту. Бір-біріне кедергі жасамай ойнауға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Ойын 1-2 баламен үстел үстінде жүргізіледі. Балаларға бір топқа жататын суреттер және осы суреттерге қатыссыз суреттер беріледі. Бала осылардың ішінен айырмашылықты анықтап, атауы қажет.

«Не жетіспейді?»

Мақсат: балаларды суреттегі заттың жетіспеген бөлігін, жануарлардың жетіспеген мүшесін анықтап, айта білуге үйрету. Балалардың есте сақтау, ойлау қабілеттерін және сөйлеу тілін дамыту. Ойынды тәртібімен ойнауға тәрбиелеу.

Ойын барысы: Ойын 1-2 баламен үстел үстінде жүргізіледі. Балаларға толық бейнеленбеген (мүшелері жетіспеген) заттар суреттері беріледі. Балалар суреттен сол жетіспей тұрған мүшесін анықтап, атауы тиіс.

«Атын ата»

Мақсат: балаларға қоршаған орта заттарын топтастыра атай білуге үйрету. Балалардың зейінін, көрнекі логикалық ойлауын дамыту, грамматикалық құрылымдарын қалыптастыру. Мұқияттылыққа, зейінділікке тәрбиелеу.

Ойын барысы: Ойын 1-2 баламен үстел үстінде жүргізіледі. Балаларға бір топқа жататын суреттер беріледі. Балалар суретке қарай отырып, заттарды жалпы атаулары тиіс.

«Суретті әңгімеле»

Мақсат: балаларға суретке қарай отырып, ойын байланыстыра анық сөйлей білуге үйрету. Балалардың байланыстыра сөйлеу тілін, грамматикалық құрылымдарын және сөздік қорын молайту, мұқияттылыққа, зейінділікке, мәдениетті сөйлей білуге тәрбиелеу.

Ойын барысы: балаларға сюжетті суреттер беріледі. Балалар сол суретке қарай отырып, суретті толық әңгімелеп берулері тиіс және суреттің атауларын қоюлары керек.

«Бір сөзбен ата»

Мақсаты: балалардың зейінін, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, дауысты дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру, сөздік қорларын жалрылау сөздермен кеңейту, тіл белсенділігін арттыру, байланыстыра сөйлеуін дамыту.

Ойын барысы: педагог бұл ойынды бір топ балалармен (үш-төрт бала) немесе сабақ барысында ұйымдастырады. Берілген суреттерді балаларға бір сөзбен айтқызады. Мысалы: шыны-аяқ, табакша, пышақ, қасық, шанышқы - ыдыс. Педагог сөздердегі дыбыстарды анық және дұрыс айтуын қадағалайды.

Демек, тірек-қимыл аппараты зақымданған оқушылардың жазбаша сөйлеу тілдерін дамытуда және дислексияны жоюда инновациялық технологияларды және жоғарыдакөрсетілген әдіс-тәсілдер жүйесін мақсатты түрде қолданса, балалардың сауаттылығы анағұрлым арта түседі деп тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттер:

1. Өмірбекова Қ.Қ., Өмірбекова С.Ж. Фонетикасы, фонематикасы толық дамымаған балаларды оқыту және тәрбиелеу. А.-2002. - 50б.
2. Өмірбекова Қ.Қ., Тулебиева Г.Н., Оразаева Г.С. Логопедиялық сабақта ұлттық ойындарын қолдану. - Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2011.- 76 б.
3. Иншакова О.Б. Альбом для логопеда. - М.: ВЛАДОС, 2000, -412 с.
4. Тулебиева Г.Н., Оразаева Г.С. Практикалық логопедия. - Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, 2010.- 72 б.
5. Лалаева Р.И. Логопедическая работа в коррекционных классах. — М.: ВЛАДОС, 2001. – 451с.

ПОДГОТОВКА КАДРОВ ДЛЯ ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ: ПРОБЛЕМЫ И РЕШЕНИЯ

Терликбаева А.Ж., первый заместитель Генерального директора;
Ефремова С.В., главный ученый секретарь
РГП «Национальный центр по комплексной переработке
минерального сырья Республики Казахстан»
г. Алматы, Республика Казахстан.

В работе обсуждены вопросы подготовки инженерных и научных кадров для горно-металлургической отрасли в свете задач, поставленных в Государственной программе индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 гг.

Ключевые слова: магистрант, докторант PhD, учебный процесс, производственная практика, производственное предприятие, инновационные технологии, горно-металлургический комплекс, дуальное образование

В Государственной программе индустриально-инновационного развития Республики Казахстан на 2015-2019 гг., нацеленной на стимулирование диверсификации и повышение конкурентоспособности обрабатывающей промышленности посредством внедрения новых технологий и качественного развития инновационной системы, в числе ключевых проблем обеспечения реализации программы и развития инновационной активности в горно-металлургической отрасли среди прочих определены:

- 1) дефицит научных кадров по технологическим, инженерным специальностям и инновационному менеджменту;
- 2) недостаточная гармонизация профессиональных стандартов с образовательными стандартами;
- 3) неразвитость инновационных технологий в системе образования.

Актуальность подготовки специалистов, их низкая конкурентоспособность, несоответствие квалификации требованиям работодателя является предметом для обсуждения в ходе различных форумов и конференций.